

## **«Мобильді таргетинг» қызметін көрсету туралы жария шарт**

Осы Жария шарт (бұдан әрі – Шарт) «Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Оператор») осы Шарттың талаптарына қосылған тұлғаға (бұдан әрі – «Клиент») «Мобильді таргетинг» қызметін көрсету шарттарын айқындайды. Шарт бойынша Клиент пен Оператор бірге «Тараптар», ал жекеше «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

### **1. Анықтамалар**

Осы Шартта және/немесе оның қосымшаларында осы Шартты қолдануға байланысты қарым-қатынастар үшін мынадай терминдер қолданылады:

- 1.1. «Мобильді Таргетинг» қызметі немесе «Қызмет»** – Клиентке Техникалық шешімге қатынау мүмкіндігін беру және Клиенттің Пайдаланушыларға хабарламалар жіберу мүмкіндігін ұйымдастыру бойынша Оператордың және оның серіктестерінің әрекет жиынтығы.
- 1.2. «Пайдаланушы»** – Оператордың немесе Басқа операторлардың абоненті болып табылатын, сондай-ақ Сервисті пайдалану мүмкіндігін беретін абоненттік құрылғысы (телефоны, смартфон, планшет және т.б.) бар жеке немесе заңды тұлға.
- 1.3. «Сервис»** – Техникалық шешім арқылы Пайдаланушыларға көрсетілетін Клиент қызметтері.
- 1.4. «Контент»**– Сервистің мазмұнды бөлігі. Клиенттен Контентті пайдаланушыға жіберу үшін тасымал ортасы ретінде Техникалық шешім шеңберінде жүзеге асырылған SMS технологиясы пайдаланылады.
- 1.5. «Техникалық шешім»** – Оператор мен оның серіктестері әзірлеп өңдейтін, сондай-ақ Сервис шеңберінде Оператордың және/немесе Басқа операторлардың байланыс желісі арқылы Клиенттен Пайдаланушыға ақпараттың жіберілуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар кешені. Пайдаланушы Сервисті Техникалық шешіммен үйлесетін абоненттік құрылғылардың көмегімен пайдалана алады.
- 1.6. «Сәйкестендіргіш»** – Клиент хабарламаны жіберген кезде Жіберуші бағанында Хабарлама жіберушіні сәйкестендіргенде қолданылатын символдық (цифрлық және/немесе әріптік) өрнектер. Жіберушінің атын пайдалану шарттары осы Шарттың ережелерімен айқындалады.
- 1.7. «Есепті мезгіл»** – бір күнтізбелік айға тең мезгіл. Егер Қызмет көрсетуді бастаған күн күнтізбелік айдың бірінші күніне сәйкес келмесе, қызмет көрсете бастаған күні Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минутта басталатын және сол күнтізбелік айдың соңғы күні Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минутта аяқталатын қызмет көрсету мезгілі Есепті мезгіл болып саналады. Егер қызмет көрсетуді тоқтатқан күн күнтізбелік айдың соңғы күніне сәйкес келмесе, күнтізбелік айдың бірінші күні немесе қызмет көрсете бастаған күні Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минутта басталатын және сол күнтізбелік айдың қызмет көрсетуді тоқтатқан күні Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минутта аяқталатын қызмет көрсету мезгілі Есепті мезгіл болып саналады.
- 1.8. «Спам»** - Пайдаланушылардың келісімінсіз Клиент тарапынан жіберіле бастаған Хабарламалар және/немесе осындай Хабарламалардың немесе оларды жіберушінің сипатына қатысты Пайдаланушыларды жаңылыстыратын Хабарламаларды тарату, соның ішінде: Пайдаланушылармен алдын ала келіспеген Хабарламаларды жаппай тарату, яғни бірден бірталай Пайдаланушыға тарату немесе бір Пайдаланушыға көптеп тарату, осыдан бұрын ақпарат алғысы келмегенін анық білдірген Пайдаланушыларға ақпарат тарату.
- 1.9. «Тарифтер»** – Оператор белгілеген және Клиент Операторға төлеуге тиісті Қызметтер құны.

**1.10. Басқа операторлар** – олардың байланыс желілері арқылы Пайдаланушыларға Сервис көрсетілетін Қазақстандағы ұялы байланыс операторлары. Осы Шарт бойынша Басқа операторлар «Кселл» АҚ және «КаР-Тел» ЖШС болып табылады.

## **2. Шарттың мәні.**

**2.1.** Осы Шарт бойынша Оператор Клиентке осы Шартта қарастырылған тізім мен шарттарға сәйкес Оператордың Техникалық шешімі арқылы Қызмет көрсетеді.

**2.2.** Клиент осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметті қабылдайды және ақысын төлейді.

**2.3.** Қызметтің тарифтік жоспарларының тізімі мен шарттары Оператордың сайтында <https://target.altel.kz/> жарияланады.

**2.4.** Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады. Осы Шарттың талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз бетінше белгілейді және Клиент осы Шартқа қосылу жолымен ғана тұтастай қабылдайды. Клиент осы Шарттың талаптарымен келіспеген жағдайда, Операторға жазбаша өтініш беру арқылы Шартты бұзуға құқылы.

**2.5.** Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қойған және оны Оператор қабылдаған сәттен бастап осы Шарт күшіне енеді. Клиенттің Қосылу туралы тиісті өтінішке қол қоюы оның Шарт талаптарымен сөзсіз келісетінін және оған тұтастай қосылуын білдіреді.

## **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.**

### **3.1. Оператордың құқықтары мен міндеттері:**

**3.1.1.** Оператор Клиентке осы Шарттың талаптарына сәйкес Техникалық шешімге қатынау мүмкіндігін беруге міндетті. Оператор Клиент өтінімі бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Клиентке электрондық пошта арқылы Техникалық шешімге қатынау белгілерін жіберуге міндетті. Оператор Сәйкестендіргіштерді қосудың ықтимал кідірістері немесе оларды Басқа байланыс операторларының желілерінде ұсыну шарттарының өзгеруі үшін жауапты болмайды.

**3.1.2.** Оператор осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа, Техникалық шешімнің жұмысқа қабілеттілігін тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн қамтамасыз етуге міндетті. Оператор Техникалық шешімнің ықтимал ақаулары мен іркілістері үшін жауап бермейді.

**3.1.3.** Оператор өз қалауымен Техникалық шешімнің сипаттізімін өзгертуге құқылы. Бұл ретте Оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде Клиентке Техникалық шешімде жоспарланған кез келген өзгерістер жөнінде хабарлауға міндетті.

**3.1.4.** Оператор жедел тәртіпте және Клиентті алдын ала ескертпей, Техникалық шешімге қатынау мүмкіндігін жабу немесе Оператордың желісінде техникалық іркілістер, байланыс желілерінде апаттар болған жағдайларда және қандай да өзге де жағдайларда техникалық іркілістерді болдырмау немесе оларды жою мақсатында Техникалық шешімге өзгерістер енгізуге құқылы. Мұндай жағдайда Оператор қатынау мүмкіндіктері жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың жабылу себептері жөнінде Клиентке жазбаша түрде немесе электрондық пошта не телефон арқылы хабарлауға міндетті.

**3.1.5.** Оператор заңды сипаттағы себептер бойынша Клиентке Қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей): үшінші тұлғалардың әрекеті салдарынан қызмет көрсетудің мүмкін еместігі, мемлекеттік органдардың актілері, мемлекеттік органдардың тыйым салатын әрекеттері, Сервис ұсыну кезінде Клиенттің осы Шарттың немесе заңнама талаптарын бұзғанын куәландыратын белгілердің болуы және т. б.). Мұндай жағдайда Оператор қатынау мүмкіндіктері жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде олардың жабылу себептері жөнінде Клиентке жазбаша түрде немесе электрондық пошта не телефон арқылы хабарлауға міндетті.

**3.1.6.** Клиент осы Шартта көзделген сомаларды төлеу мерзімін 5 (бес) жұмыс күнінен аса мерзімге кешіктірген жағдайда, Оператор Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және Клиентті Техникалық шешімнен ажыратуға құқылы.

- 3.1.7.** Оператор жоспарлы профилактикалық немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және Клиентті Техникалық шешімнен уақытша ажыратуға құқылы. Мұндай жағдайда Оператор Клиентті 1 (бір) жұмыс күні бұрын жазбаша не электрондық пошта арқылы хабардар етуге міндетті.
- 3.1.8.** Оператор мемлекеттік органдардың талабымен немесе мемлекеттік уәкілетті орган кез келген Сәйкестендіргішті берген үшінші тұлғалардың талап етуіне байланысты немесе Сәйкестендіргішке күтім жасаудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, мемлекеттік орган өзге мерзім белгілемесе, кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Клиентті хабардар ете отырып, тиісті Сәйкестендіргішті ұсынуды және оған күтім жасауды тоқтатуға құқылы. Мұндай жағдайда, Клиентке қосымша ақысыз тура сол санаттағы басқа Сәйкестендіргішті береді. Клиент жаңадан берілген Сәйкестендіргішті қолданудан бас тартқан жағдайда, Оператор Шартты бір жақтан толықтай бұзуға немесе бір не бірнеше Сәйкестендіргіш бойынша Қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.
- 3.1.9.** Оператор қажетті шұғыл жөндеу және профилактикалық жұмыстар жүргізу қажет етілетін жағдайлардан басқа, Жүйеге техникалық күтім жасау жөніндегі жұмыстарды, Қызметтерді көрсету үшін қолданылатын жабдықта регламенттік, профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізуге құқылы. Ол үшін тиісті жұмыстарды жүргізгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын Клиентті бұл жөнінде алдын ала хабардар етеді. Оператор жөндеу және профилактикалық жұмыстарды барынша қысқа мерзімде жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте аталмыш жұмыстарды жүргізу мезгілі Қызмет көрсетудегі үзіліс болып табылмайды және тиісті Есепті мезгілде есепке алынуы тиіс. Көрсетілген жабдықта қандай да ақау табылған жағдайда, Оператор тиісті ақауды жою үшін қажет мерзімде олардың жойылуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті.
- 3.1.10.** Клиент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, соның ішінде егер осы Шарт бойынша Қызмет көрсету аясында Хабарламаларды тарату фактісі немесе олардың мазмұны осы Шарттың талаптарын бұзса, Оператор Клиентті 24 сағат бұрын электрондық пошта арқылы міндетті түрде алдын-ала хабардар ете отырып, тиісті Сәйкестендіргіш бойынша Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.
- 3.1.11.** Клиенттің осы Шарттың 3.1.10 т. бұзғаны анықталған жағдайда, Оператор Клиентті электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып, осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуді дереу тоқтата тұруға, және бұдан әрі Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға, сондай-ақ осы Шарттың 11-бөліміне сәйкес Клиентке қатысты айыппұл шараларын қолдануға құқылы.
- 3.1.12.** Осы Шартқа қатысы жоқ Оператордың басқа сервистері бойынша Клиент тарапынан алаяқтық фактілері анықталған жағдайда, Оператор Клиентті электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып, осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуді дереу тоқтата тұруға, және бұдан әрі Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.
- 3.1.13.** Оператор осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін кез келген үшінші тұлғаларды жұмылдыруға, осындай үшінші тұлғаларға Хабарламаларды, Пайдаланушылардың абоненттік нөмірлерін, дербес деректерді және Клиенттің Қызметті пайдалануына байланысты Операторға мәлім болған Пайдаланушылар мен Клиент туралы кез келген мәліметтерді беруге құқылы, және Клиент бұл жайтпен сөзсіз келіседі.
- 3.2. Клиенттің құқықтары мен міндеттері:**
- 3.2.1.** Клиент Оператор көрсеткен Қызмет ақысын уақтылы және толық көлемде төлеуге міндетті.
- 3.2.2.** Клиент жеке кабинетке авторизацияланған деректердің құпиялылығын сақтауға, оларды үшінші тұлғаларға бермеуге және осы Шарттың қолданылу мерзімі бойы Техникалық шешімді пайдалану бойынша көрсетілген талаптарды сақтауға міндетті.
- 3.2.3.** Клиент Сервисті Техникалық шешімге қосқанға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Сервистің егжей-тегжейлі сипаттамасын Операторға жазбаша түрде ұсынуы тиіс. Клиент сондай-ақ 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Сервистің және/немесе Контенттің өзгергені немесе толықтырылғаны жөнінде немесе Сәйкестендіргіштерді беру

шарттарын өзгерту қажеттігі жөнінде Операторды жазбаша түрде алдын ала хабардар етуге міндетті.

- 3.2.4.** Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Операторды деректемелерінің өзгергені жөнінде хабардар етуге міндетті.
- 3.2.5.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пайдаланушыларға Сервисті ұсыну үшін лицензиялар, рұқсаттар, патенттер қажет болса, Клиент лицензиялаушы мемлекеттік немесе өзге де уәкілетті органдардан өз бетінше қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, патенттерді алуға міндетті, ал олар болмаған жағдайда, Клиент Операторға келген барлық шағымдарды өз бетінше және өз қаражаты есебінен шешуге міндетті.
- 3.2.6.** Клиент SMS-хабарламаларды Пайдаланушының тіркелген орны бойынша жұмыс күндері сағат 09.00 бастап 22.00 дейінгі мезгілде ғана жіберуге құқылы. 22.00 бастап 09.00 дейінгі мезгілде, сондай-ақ демалыс және мереке күндері, SMS-хабарлама Пайдаланушының сұрауы аталған уақыт аралығында жіберілген жағдайда немесе Пайдаланушы жіберілетін ақпаратты аталған уақытта алатындай етіп сұратқан жағдайда немесе төтенше жағдайлар, үдерістердегі іркілістер, көлік қозғалысы бойынша шұғыл хабарламалар жөнінде Клиент қызметкерлерін хабардар еткен жағдайларда ғана жіберілуі мүмкін.
- 3.2.7.** Сервисті пайдаланушыдан шағым алған жағдайда, соның ішінде, бірақ шектелмей: Сервисті дұрыс көрсетпеу немесе Сервисті Пайдаланушының сұрауынсыз көрсету секілді жағдайларда, Клиент ағымдағы жұмыс күнінен кешіктірмей, Операторға сұрауды өңдеу үшін қабылдағаны жөнінде растама беруге, сондай-ақ 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұрауды шешуге және қорытынды жауап беруге міндетті.
- 3.2.8.** Хабарламаларда зияткерлік немесе авторлық меншік объектілерін немесе үшінші тұлғалардың өзге де құқықтарын пайдаланған кезде Клиенттің үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуынан пайда болған залалды Операторға өтеу, Оператордың қосымша жазбаша сұрауымен мұндай пайдалану құқығын Оператормен немесе тиісті үшінші тұлғалармен келісу. Клиент Оператордың талабы бойынша одан сұрау келген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындай келісімнің жазбаша растамасын және аталмыш тұлғалардың келісімін, соның ішінде электрондық пошта арқылы жіберуге міндетті.
- 3.2.9.** Клиент Пайдаланушылармен жасалатын шарттарында осы Шарт талаптарының, соның ішінде 3.1.13-тармақтың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген талап бұзылған жағдайда Клиент Пайдаланушылар мен басқа үшінші тұлғалардың алдында дербес жауапкершілік көтереді және Операторды осындай бұзушылықпен байланысты қандай-да шағымнан және талап-арыздан қорғауға міндетті.

#### **4. Қызмет құны және есеп айырысу тәртібі**

- 4.1.** Қызмет құны Оператордың интернет-ресурсында <https://target.altel.kz/> жарияланған Оператордың тарифтерімен анықталады.
- 4.2.** Қызмет құны Сәйкестендіргіштерді қосқаны үшін Біржолғы төлемнен, Сәйкестендіргіш үшін айлық абоненттік төлемнен және Оператордың Қызмет бойынша Хабарламаларды жіберу қызметінің құнынан құралады.
- 4.3.** Егер Тараптар өзге шарттарды келіспесе, Сәйкестендіргішті қосу ақысын Клиент Оператордан есепшот алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді. Қосылатын Сәйкестендіргіш саны ұлғайған жағдайда, Клиент Оператордан есепшот алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әр жаңадан қосылатын Сәйкестендіргіш құнын төлейді.
- 4.4.** Тараптар арасында өзара есеп айырысудың негізі Оператордың биллинг жүйесінің деректері болып табылады. Бұл ретте Клиент хабарлама жіберудің барлық әрекеттерін, соның ішінде Оператор қате барын көрсете отырып қайтарған хабарламаларды жөнелтудің әрбір әрекетін төлейді.

- 4.5. Есепті мезгілден кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Оператор Клиентке Орындалған жұмыс (көрсетілген қызметтер) актісін, сондай-ақ өткен Есепті мезгіл үшін шот-фактураны береді.
- 4.6. Клиент Оператордан Актілерді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Актілерге қол қойып, оларды Операторға жібереді.
- 4.7. Клиент ұсынылған Актілермен келіспеген жағдайда, Актілерді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Операторға жазбаша шағымды тапсырылуы жөнінде хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберуге құқылы.
- 4.8. Оператор жоғарыда белгіленген мерзімде Клиенттен шағымды алмаған жағдайда, Қызмет көрсетілген және Клиент тарапынан толық көлемде қабылданған болып саналады.
- 4.9. Осы Шарттың 4.3 және 4.10 тармақтарында қарастырылған жағдайлардан басқа, Клиент Қызмет ақысын Есепті мезгілден кейінгі келесі айдың соңына дейін ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.
- 4.10. Егер Оператор Клиенттен осы Шарттың 11-бөлімінде қарастырылған айыппұл төлеуін талап етсе, Клиент Оператордан шот алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті соманы төлейді.
- 4.11. Есеп айырысу шарттары мен тәртібі Оператордың қалауынша өзгертілуі мүмкін. Оператор өзгерістер күшіне енген күнге дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын Клиентті хабардар ете отырып, Қызмет тарифтерін өзгертуге құқылы. Осындай өзгерістер күшіне енгеннен кейін Клиенттің Қызметті іс жүзінде пайдалануы Клиенттің өзгертілген тарифтермен сөзсіз келісуі болып табылады. Клиент жаңа тарифтермен келіспеген жағдайда, Операторды аталмыш өзгерістер күшіне енген күнге дейін Шартты бұзуы жөнінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

## **5. Сервис құрамы және/немесе Контент**

- 5.1. Клиент Пайдаланушыға арналған мәтіндерді/ақпаратты/Контентті дайындаған кезде моральдық-әдептік сипатта көпшілік қабылдаған нормаларды ұстануға міндетті.
- 5.2. Клиент Сервис аясында берілген ақпараттың мазмұны осы Шарт пен Қосымшалардың шарттарына сәйкес келетініне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтініне кепілдік береді. Сервистегі Клиент берген ақпараттың мазмұны Шартқа сәйкес келмесе, Оператор Клиентке Қызмет көрсетуді толықтай немесе белгілі бір бөлігін тоқтатуға құқылы.
- 5.3. Операторға Сервистегі ақпараттың мазмұны бойынша үшінші тұлғалардан шағымдар/талап арыздар келіп жатса, Клиент мұндай шағымдарды/талап арыздарды өз бетінше реттеуі, және барлық ілеспе шығындарды, соның ішінде заң саласындағы шығындарды өз бетінше көтеруі тиіс. Оператор осы тармақта көрсетілген кез келген шағымдар жөнінде Клиентті жазбаша түрде, шағымдардың бары жөніндегі хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.
- 5.4. Осы Шарттың ережелеріне қарамастан, Оператор Сервистің құрамы үшін үшінші тұлғалардың алдында, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының алдында жауапкершілікті көтеретін болса, Клиент Оператордан алған шот негізінде 3 (үш) банк күні ішінде құжат жүзінде расталған және осындай үшінші тұлғалардың әрекеттеріне байланысты Оператор көрген барлық шығын мен залалдың орнын толтыруға міндетті.

## **6. Маркетинг**

- 6.1. Клиент Оператордың уәкілетті қызметкерімен электрондық пошта арқылы алдын-ала келісе отырып, Сервиске байланысты Оператордың сауда белгілерін және өнімдерінің атауларын кез келген электрондық және баспа БАҚ беттерінде, сол сияқты өзінің маркетингтік материалдарында (сыртқы жарнама, үнпарақтар, бүктемелер және т.б.) қолдануға құқылы.
- 6.2. Клиент барлық жарнамалық және ақпараттық материалдарда Пайдаланушылардың қабылдауына қолжетімді тәсілмен Пайдаланушыларға Сервисті пайдалануға қатысты

толық ақпаратты беруге міндетті. Бүкіл аталмыш ақпарат қолжетімді түрде және Пайдаланушы Сервисті қолданбас бұрын оның шарттарымен таныса алатындай етіп берілуі тиіс.

- 6.3. Сервис бойынша барлық маркетингтік шараларды Клиенттің өзі өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.
- 6.4. Оператор Пайдаланушылар үшін жарияланатын ақпараттық материалдарында Сервис атауын қолдануға құқылы. Оператор Клиенттің уәкілетті қызметкерімен электрондық пошта арқылы алдын ала келісе отырып, Сервиске қатысты Клиенттің тауар белгілерін пайдалануға, сондай-ақ, мысалға пайдаланушыларға арналған журналдарда, сатып алушыларға арналған бюллетеньдерде немесе Оператордың не үшінші тараптың WEB/WAP-сайттарында, Клиентті міндетті түрде көрсете отырып, Клиент және Сервис жөніндегі ақпаратты жариялауға құқылы.
- 6.5. Ұялы байланыс желілерінде жарнамалық сипаттағы ақпараттық хабарламаларды Пайдаланушының келісімі болған жағдайда ғана жіберуге рұқсат етіледі.

## **7. Зияткерлік меншік құқығын сақтау кепілдігі**

- 7.1. Осы Шартпен Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған кезде бір-біріне де, үшінші тұлғаларға да қатысты зияткерлік меншік құқықтарын бұзбауға кепілдік береді.
- 7.2. Клиент пайдаланушыларға зияткерлік меншік объектілерін, соның ішінде авторлық құқық немесе сабақтас құқық объектілерін пайдалана отырып Сервис көрсетсе, онда Клиент барлық қажетті құқықтарының барына, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Клиенттің құқық иелерімен/авторлармен тиісті түрде жасалған рұқсаттары, лицензиялық келісімдері, авторлық шарттарының барына кепілдік береді. Клиент аталған тұлғалардың алдында, соның ішінде авторлық сыйақыны төлеу үшін дербес жауапкершілік көтереді.
- 7.3. Клиент осы Шарттың талаптарына қарамастан зияткерлік меншік құқықтарын, соның ішінде авторлық немесе үшінші тұлғалардың сабақтас құқықтарын бұзса, Клиент үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілікті өзі көтереді.
- 7.4. Операторға зияткерлік меншік объектілеріне және/немесе авторлық құқық не сабақтас құқық объектілеріне қатысты шағымдар/талаптар қойылса, Клиент мұндай шағымдарды/талаптарды өз бетінше реттеуге және материалдық залал мен шығындар орын алған болса, оларды өтеуге міндетті. Оператор, өз кезегінде, Клиентті 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті шағымдар жөнінде хабардар етуге міндетті.

## **8. Жеке деректер**

- 8.1. Шартқа сәйкес қызмет көрсету мақсатында Клиент Операторға беретін ақпараттың құрамына қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жеке деректер санатына жатқызылған ақпарат енгізілген жағдайда, Клиент көрсетілген ақпаратты өңдеу, оның ішінде көрсетілген ақпаратты Операторға беру жеке деректер саласындағы заңнамаға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылатынына кепілдік береді.
- 8.2. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес хабарламаларды жіберген кезде жеке дерек субъектілерінің келісімінсіз жеке деректерді пайдалану үшін өз бетінше жауапты болады. Клиент өз күшімен және өз қаражаты есебінен Оператор үшін Шарт бойынша Қызметтерді көрсету мақсатында оған берген ақпаратты пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, соның ішінде (бірақ шектелмей) жеке дерек субъектісінің оның жеке деректерін өңдеуге, соның ішінде Оператордың жеке деректерді беруге және пайдалануға келісімін алуды қамтамасыз етуге міндетті.
- 8.3. Тараптар осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде Операторға өз бетінше қол жеткізген ақпаратты пайдалану қажет болса, және бұл ретте мұндай ақпарат қандай да жеке дерек субъектісінің жеке деректерінен тұратын болса, Клиент Оператордың талабымен ол үшін мұндай жеке деректерді өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, соның ішінде жеке дерек субъектілерінен Оператордың Қызметтерді тиісті түрде көрсету үшін

қажетті кез келген жолмен олардың жеке деректерін өңдеуіне қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ресімделген келісімін алуды қамтамасыз етуге міндетті екенін растайды.

- 8.4. Клиент Оператордан сұрау алған жағдайда, Клиент Операторға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Клиентке берілген жеке дерек субъектісінің келісімінің көшірмесін, сондай-ақ Клиент тиісті жеке деректерді пайдалана отырып нақты Қызмет көрсеткен сәтке дейін жеке дерек субъектісінің келісімі қайтарылмағанын растайтын құжатты беруге міндетті.
- 8.5. Клиент жеке деректерін өңдейтін жеке дерек субъектілерімен өз бетінше өзара әрекеттесуге, және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге, соның ішінде барлық даулы мәселелерді өз қаражаты есебінен реттеуге міндетті. Операторды әкімшілік жауапкершілікке тартқан жағдайда, немесе Оператордың осы Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде Клиенттен алынған жеке деректерді өңдеу саласындағы заңнаманы бұзғанына байланысты шағымдар алған жағдайда, Клиент осы Шарттың талаптарына сәйкес Операторға тигізген және құжат жүзінде расталған залалдың орнын толтыруға міндетті.

## **9. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу тәртібі**

- 9.1. Тараптардың әрқайсысы осы Шартта белгіленген шектерде басқа Тарапқа тигізген нақты залал үшін ғана жауапты болады. Ұтылған пайда (алынбаған кірістер) өтелмейді. Операторға тигізген нақты залал Шартта көзделген тұрақсыздық айыпақы сомасынан артық өндіріп алынады.
- 9.2. Оператор Клиент таратқан хабарламалардың мазмұны, сондай-ақ Клиент берген ақпарат үшін жауап бермейді.
- 9.3. Операторға Клиенттің Шарт талаптарын бұзғаны жөнінде ақпарат келіп түскен кезде Оператор Шартқа сәйкес Клиентті дереу хабардар ете отырып, тиісті Сәйкестендіргіш бойынша Қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.
- 9.4. Клиент осы Шарт талаптарын бірнеше рет (есепті мезгіл бойы қатарынан 2 реттен аса) бұзған жағдайда, Оператор осы Шарттың талаптарына сәйкес Шартты соттан тыс бір жақтытәртіпте бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Оператор осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күн бұрын Клиентке электрондық поштамен және жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
- 9.5. Клиент Операторға қатысты ықпалшара қолдануға, не Операторды әкімшілік және өзге де заңды жауапкершілікке тартуға әкеп соққан Шарт ережелерін бұзған жағдайда, Клиент Шарттың талаптарына сәйкес осындай бұзушылық салдарынан Операторға келтірілген залалды өтеуге міндетті.
- 9.6. Клиент Қызметті пайдалану барысындағы әрекеттері салдарынан, сонымен қатар Клиенттің осы Шартты орындау барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, осы Шарттың ережелерін, соның ішінде үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік объектілеріне қатысты авторлық және өзге де құқықтарды бұзғаны үшін, сондай-ақ хабарламаларды тарату фактісі мен олардың мазмұнына қатысты шағымдар үшін Оператордан өндіріп алынуы мүмкін қандай төлемдер салдарынан Операторға тигізген және құжат жүзінде расталған залалдың орнын толтыруға міндетті. Сонымен қатар Клиенттің жүйедегі әрекеттеріне және осы Шарт бойынша Қызметтерді пайдалануына байланысты Операторды мемлекеттік немесе муниципалдық билік органы әкімшілік немесе өзге жауапкершілікке тартқан жағдайда, Клиент Операторға айыппұл, тұрақсыздық айыпақысы, заңгерлік қызмет ақысын және өзге залалдың орнын толтыруға міндетті.
- 9.7. Оператор хабарламалардың мәтінін дайындап, оны редакциялаған сәттен бастап Пайдаланушыларға жібергенге дейін осы хабарламаларды әзірлеуші және таратушы болып табылмайтынына, сондай-ақ бұл арада Клиенттің хабарламаларды жіберуге арналған техникалық арнасы ғана болып табылатынына байланысты, осы хабарламаларды тиісті және заңды түрде таратпау үшін Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасына көзделген бүкіл жауапкершілікті толық көлемде Клиент көтереді.

- 9.8.** Клиент авторизацияланған деректердің, соның ішінде құпия сөздердің, логиндердің, құпия сөздерді қалпына келтіру немесе бастапқы тіркеу кезінде SMS не электрондық пошта арқылы алынатын растау кодтарының сақталуына жауапты болады. Авторизациялық деректерді үшінші тұлғаға әдейі немесе абайсызда жіберген жағдайда, және ол теңшелімдердің өзгеруіне немесе хабарламалардың жіберілуіне әкеп соққан жағдайда, Клиент жауапкершілік көтеріп, осы әрекет нәтижесінде туындаған барлық шығындарды төлеуге міндетті.

## **10. Тәртіп кодексі және экологиялық саясат**

Оператор кәсіпкерлік әдепке, қоршаған ортаға, біздің бір-бірімізге деген қарым-қатынасымыз бен сыртқы кәсіпкерлік ортаға ерекше назар аудара отырып, Тәртіп кодексі мен экологиялық саясатты қабылдап, Оператор сайтында <http://www.tele2.kz/жариялаған>. Оператор Клиенттің Тәртіп кодексі мен Экологиялық саясатта баяндалған стандарттарға сәйкес келетінін күтуде.

Қосымшалары ретінде Тәртіп кодексі мен Экологиялық саясаттан құралатын осы құжатқа қол қоя отырып, Клиент бизнес жөніндегі серіктесі ретінде Оператордың келесідей әрекеттерді орындайтынын растайды:

- қажет болған жағдайда, Тәртіп кодексі мен Экологиялық саясат талаптарына сәйкес жұмыс істейді, және
- қажеттілікке қарай қызметкерлерін, агенттерді, өкілдерді, дистрибьюторларды және басқа релевантты үшінші тұлғаларды аталмыш Тәртіп кодексі мен Экологиялық саясат стандарттары жөнінде ақпараттандыруға және көрсетілген тұлғалар мен тараптардың бұл стандарттарды сақтап, оларға сәйкес келетінін қамтамасыз ету үшін барынша күш салу міндетін мойнына жүктейді, және
- Тәртіп кодексінің немесе Экологиялық саясаттың бұзылуы нақты расталған жағдайда, Операторға немесе үшінші тұлғаның өзге тәуелсіз аудиторына, бизнес жөніндегі серіктес ретінде Оператор мен Клиент арасындағы уағдаластыққа сәйкес, Тәртіп кодексінің шеңберінде аудит, сараптама, тексеріс, тергеу және/немесе түгендеме секілді тиісті шараларды қолдану арқылы Тәртіп кодексі мен Экологиялық саясаттың сақталуын тексеруіне мүмкіндік береді. Оператор тікелей қауіп болмаған жағдайда мұндай шараларды жүзеге асыру туралы жазбаша хабарлама береді және осындай кез келген шараны бизнес жөніндегі серіктес ретінде Провайдер бизнесінің қалыпты барысына әсер етпейтін тәсілмен қолданатын болады. Оператор және бизнес бойынша серіктес ретінде Клиент аталған шараларға байланысты өз шығындарын өзі өтейді. Аудиттер Тәртіп кодексі мен Экологиялық саясатқа қатысы бар салалар бойынша ғана жүргізілуі тиіс.

Клиент Тәртіп кодексі мен экологиялық саясаттың сақталуы Оператор үшін шешуші мәнге ие екенін түсінеді. Бұл құжаттардың ережелерін сақтаудан бас тарту немесе сақтай алмау елеулі кепілдік болып саналады, және бұл Оператордың бүкіл Tele2 тобы үшін бизнес бойынша серіктес ретінде Клиентпен қарым-қатынасты қайта қарауға мәжбүр болатынына әкелуі мүмкін.

## **11. Тараптардың жауапкершілігі**

- 11.1.** Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.
- 11.2.** Оператор хабарламалардың уақтылы жеткізілуіне кепілдік бермейді және Клиент пен үшінші тұлғалардың алдында қандай да тікелей немесе жанама шығындар үшін немесе SMS-орталықтың және/немесе Оператордың басқа да жабдығының жұмысында техникалық іркіліс болып, соның салдарынан хабарламаларды жеткізу мүмкін болмаған жағдайдағы залал үшін материалдық жауапкершілік атқармайды.



- 11.3.** Оператор хабарламаны жібере алмауы немесе Клиенттің не Пайдаланушының хабарламаны ала алмауы үшін жауап бермейді.
- 11.4.** Клиент төлем мерзімін сақтамаған жағдайда, Оператор төлемді кешіктірген әрбір күн үшін төлеуге ұсынылған шот сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ қарыз сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл өндіріп алуға құқылы.
- 11.5.** Оператор Клиент тарапынан мынадай бұзушылықтар орын алған жағдайда одан 1 000 000 (бір миллион теңге) мөлшерінде айыппұл төлеуін талап етуге құқылы:
- б) Операторды хабардар етпестен Сервисті және/немесе Контентті біржақты өзгерту немесе толықтыру (Шарттың 3.2.3-тармағы);
  - г) Сервис сапасы бойынша Оператордың сұрауларын өңдеу тәртібін сақтамау (Шарттың 3.2.7-тармағы);
  - д) Оператордың келісімінсіз оның тауар белгілерін немесе өнімдерінің атауларын пайдалану салдарынан оның бедел-бейнесі мен іскерлік абыройына залал келтіру (шарттың 6.1-тармағы);
  - е) Пайдаланушы сұрамаған және/немесе Сервиске тікелей қатысы жоқ Клиент нөмірлерінің базасы бойынша хабарламалар (Спам) жіберілген жағдайда, сондай-ақ Пайдаланушының келісімінсіз жарнама сипатындағы хабарламаларды жіберген жағдайда (Шарттың 6.5-тармағы);
  - ж) Сервистің құрамы бойынша талаптардың бұзылуы (Шарттың 5.1 және 5.2 тармақтары);
  - з) таңдалған Сәйкестендіргіштен хабарламаларды жіберу жөніндегі 3.1.10 т. бұзылған жағдайда;
  - е) осы Шарттың 10-бөлімінің тармақтары бұзылған жағдайда.
- 11.6.** Оператор Клиенттен оның тарапынан орын алған мынадай бұзушылықтар салдарынан Операторға тигізген және құжатпен расталған нақты залалды өтеуін талап етуге құқылы:
- а) Шарт талаптарына сәйкес Техникалық шешімді пайдалану жөніндегі міндеттерді бұзу (Шарттың 3.2.2-тармағы);
  - б) заңнамаға сәйкес қажетті лицензиялар, рұқсаттар мен патенттерсіз Сервис ұсыну (Шарттың 3.2.5-тармағы);
  - в) Сервисті және/немесе Контентті ұсыну шарттарын бұзу (шарттың 5-бабы);
  - г) Сервис туралы толық ақпарат беру міндетін бұзу (шарттың 6.2-тармағы);
  - д) Үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын, авторлық немесе сабақтас құқықтарын бұзу (шарттың 7.2-тармағы);
  - е) құпиялылық шарттарын бұзу (шарттың 8 және 11-баптары);
  - ж) Оператордың нақты шығыны көрсетілген тармақта көзделген айыппұл мөлшерінен асып кетсе, Шарттың 11.5-тармағында көзделген бұзушылықтар. Бұл жағдайда Клиент операторға нақты залалды өтейді де, қосымша айыппұл төлемейді.
- 11.7.** Клиент тарапынан жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар орын алған жағдайда Оператор Клиентті Техникалық шешімнен дереу ажыратуға және Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

## **12. Құпиялылық**

- 12.1.** «Құпия ақпарат» термині шектеусіз техникалық, қаржылық, коммерциялық, банктік құпияны, ноу-хауды және Оператор мен Клиенттің, олардың контрагенттерінің қызметіне байланысты және жалпыға қолжетімді болып табылмайтын, сондай-ақ осы Шартты жасасу немесе орындау барысында мәлім болған өзге де мәліметтерді қамтиды.
- 12.2.** Пайдаланушы Клиентке Оператор арқылы беретін және Пайдаланушының жеке деректерін (Пайдаланушының жеке басы туралы мәліметтер, абоненттік нөмірі, сәйкестендіру коды, электрондық пошта мекенжайы, пошталық мекенжайы, төлқұжат деректері, Пайдаланушыларға ұсынылатын сервистер туралы мәліметтер және басқаларды) қамтитын ақпарат құпия ақпаратқа жатқызылады және үшінші тұлғаларға Пайдаланушы келісім берген жағдайда ғана жарияланады.

- 12.3. Тараптардың әрқайсысы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, осы Шартты жасасу және/немесе орындау кезінде қолдана алатын немесе қол жеткізе алатын басқа Тараптың құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға жария етпеуге және/немесе қандай да басқа түрде бермеуге міндетті.
- 12.4. Ақпарат жалпыға қолжетімді, ресми дереккөзден алынған жағдайда құпия болып саналмайды.
- 12.5. Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, оны осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және оны тоқтатқаннан кейін 5 (бес) жыл өткен соң жариялау немесе өзге де жолмен ашық ету Тараптардың жазбаша келісімен ғана немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.6. Материалдық тасығышта ұсынылған құпия сипаттағы барлық мәліметтер «құпия ақпарат», «құпия» деп немесе басқаша белгіленуі тиіс:
- 12.7. Құпия ақпарат Тараптардың осы Шартты орындауға тікелей қатысатын қызметкерлеріне ғана жеткізіледі.
- 12.8. Құпиялылық туралы шарттарды бұзған Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікті көтереді.
- 12.9. Клиент Операторға және оның үлестес тұлғаларына, соның ішінде, бірақ шектелмей, қызметкерлерге, мердігерлерге, консультанттарға, қызметтердің провайдерлеріне, соның ішінде бағдарламалық жасақтама және ІТ жүйелері қызметтерінің провайдерлеріне өзі жөніндегі және осы Шарттың талаптары жөніндегі ақпаратты ашуға келісімін береді.

### **13. Форс-мажор жағдайлар**

- 13.1. Тараптар осы Шартты жасасқаннан кейін пайда болған және Тараптар болжай алмаған немесе алдын ала алмаған күші еңсерілмейтін жағдайлардың салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы Шартта аталмыш жағдайлар деп, соның ішінде табиғи құбылыстар (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, тайфундар және т.б.), әскери іс-қимылдар, жаппай аурулар (эпидемиялар), ортақ қолданыстағы телекоммуникация желілеріндегі немесе Интернет желілеріндегі апаттар және Тараптарға байланысты емес өзге де (ырық бермейтін және тосын) мән-жайларды түсінеді.
- 13.2. Осы Шарттың 13.1-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде әрбір Тарап олар жөнінде басқа Тарапты жазбаша түрде дереу хабардар етуі тиіс. Хабарламада мән-жайлардың сипаты жөнінде деректер болу керек. Осы Шарттың 13.1-тармағында көзделген мән-жайлардың басталуы уәкілетті ұйымның құжатымен расталуы тиіс.
- 13.3. Осы Шарттың 13.1-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар әрекет ететін уақытқа сәйкес тоқтатыла тұрады.
- 13.4. Егер осы Шарттың 13.1-тармағында аталып кеткен жағдайлар және олардың салдары 2 (екі) айдан аса мерзімге созылса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.
- 13.5. Күші еңсерілмейтін жағдайлардың пайда болуы себепті осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісті түрде орындалмауы жөнінде хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған Тарап, мұндай хабарламау немесе уақтылы хабарламау көрсетілген жағдайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, оларға бұдан әрі сілтеме жасауға құқысыз.

### **14. Дауларды реттеу**

- 14.1. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптардың дауларын келіссөз жүргізу жолымен шешеді, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда, Оператордың орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралуы тиіс.

**14.2.** Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін, соның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарында дауларды шешкен кезде электрондық түрде және/немесе қағазда берілген ақпаратты дәлелдемелер ретінде тануға келіседі.

**15. Шарттың қолданылуы**

**15.1.** Осы Шарт Клиент өтінішке қол қойған және оны Оператор қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес оны тоқтатқанға дейін қолданылады.

**15.2.** Осы Шарт Тараптардың бірінің бастамасымен бұзылуы мүмкін, бұл ретте соңғысы Клиентті Техникалық шешімнен ажыратқан және Шартты бұзған күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

**15.3.** Клиенттің барлық өтінімдері, қосымшалары және осы Шартқа қатысты өзге де құжаттар оның ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Шарттың қандай да бір бөлігінің жарамсыздығы немесе орындалмауы оның басқа бөліктерінің жарамсыздығына немесе орындалмауына әкеп соқпайды.

**15.4.** Осы Шартқа енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар Оператордың <https://target.altel.kz/> Интернет-ресурсында жарияланады және Оператор өзгеше белгілемесе, жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**15.5.** Осы Шарттың талаптарында қозғалмаған барлық қалған мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.